

Локомотив жабдығын жеткізудің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 1322 Қаулысы 2004 жылғы 1 қарашадағы "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы, "Локомотив" акционерлік қоғамы, "Қазтеміржолкөлік" акционерлік қоғамы, АБН АМРО Банк Н.В. және Америка Құрама Штаттарының Экспорт-импорт банкі арасындағы кредиттік шарттың (бұдан әрі - кредиттік шарт) орындалуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрі Қажымұрат Ыбырайұлы Нағмановқа "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының бірден-бір акционерінің атынан Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі мен Америка Құрама Штаттарының Экспорт-импорт банкі арасындағы локомотив жабдығын жеткізу туралы шартқа (бұдан әрі - шарт) қол қою тапсырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі кредиттік шартқа сәйкес кепіл заты болып табылатын локомотивтерге билік етуді шектеу жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі, Қазақстан Республикасының өзге де мүдделі мемлекеттік органдары шарттың тиесілі орындалуын қамтамасыз ету жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі